

Ата-аналар, оқушылар назарына!

Құрметті ата-аналар, оқушылар! Адам өміріне қауіп төндіретін және өлімге итермелейтін жол апатына байланысты ойын туралы әлеуметтік желіде ақпараттар жариялануда. Сондықтан балалардың күзгі демалыс кезінде және кешкі мезгілдерде уақытын қалай өткізетіндігін бақылауға алуларыңызды және жолдан өту ережелерін сақтауды, мезгілсіз (кешкі, түнгі) уақытта үлкендерсіз (ата-ана, жауапты тұлға) жүрмеуін сұраймыз.

Жалпы құқық бұзушылық төменде көрсетілген жағдайлардан бастау алады.

- Бәрі де кішкентай нәрседен басталады:
- сабаққа себепсіз бармай қалудан;
- ересек адамға дөрекі сөйлеуден (оның ішінде мұғалімге);
- құрбылары, достарын балағаттап, не ұрып жіберуден;
- үйден қашып кетуден;
- рұқсатсыз бөтен адамның затын алудан (оның ішінде қараусыз жатқан затты), уақытша сұрап алып, қайтармаудан;
- қызыққаннан ішімдік пен темекінің дәмін татудан басталады.
- жай қалжың үшін мектепке жарылыс зат қойылды деп қоңырау шалудан.

Жасаған қылмыстары үшін адам өз басымен жауап беруге міндетті. Жалпы, қылмыстық жауапкершілік он алты жастан басталады, дегенмен, кейбір қылмыстарға он төрт жасар жасөпірімдер де тартылады. ***Егер, кәмелеттік жасқа толмаған бала 14 –ке келсе, егер ол төмендегідей қылмыс жасаған болса:***

- ұрлық (біреудің мүлкін көрсетпей ұрлау);
- тонау (біреудің мүлкін көрсетіп ұрлау);
- ұрып-соғу (біреудің мүлкін ұрлау мақсатында тонау, оған қоса ұрып-соғу);
- күштеп алу, бопсалау (біреудің мүлкін зорлық көрсетіп тартып алуды талап еткенде, сонымен қатар адамды не оның жақындарын қорлайтындай мәлімет таратқанда);
- бұзақылық (азаматтарға күш қолданумен бірге қоғамдық тәртіпті дөрекі түрде бұзғанда немесе біреудің мүлкін бұзғанда);
- зорлық жасау (жыныстық түрде қауіп төндіріп, не зорлық жасағанда);
- адам денсаулығына ауыр жарақат салғанда (***ҚР ҚК 103-бабы***) және орташа жарақатта (***ҚР ҚК 103-бабы***), яғни, дене жарақатын келтіргенде, жазада қарастырылғандай қылмыстық жауапкершілік тағайындалып – бас бостандығынан бірнеше жылға айырылады да, кіші жастағы қылмыскерлерге арналған колонияларға жіберіледі.

Балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері

Балалар мен жасөспірімдер міндетті:

1. Қоғамдық орындарда – көшеде, гүлзарларда, барлық аулаларда, саябақтарда, театрларда, кинотеатрларда, спорт алаңдарында, қалалық және басқа да қоғамдық көліктерде қоғамдық тәртіпті сақтауға, жолда жүру ережелерін білуге;
2. Ересектермен, кәрі жастағы адамдар мен кішкентай балаларға, мүгедектерге сыпайылықпен қарауға;
3. Мемлекеттік және қоғамдық мүлікке дұрыс қарауға;
4. Қоғамдық орындар мен көшелерде тазалық сақтауға;
5. Жолдастарын жағымсыз қылықтан сақтандыруға;
6. 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің ересектердің бақылауынсыз жүруіне жазғы уақытта сағат түнгі 23.00.-ге дейін рұқсат етіледі, ойын-сауық орындарында 22.00-ге дейін (Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 442-бабы).

Балалар мен жасөспірімдерге тыйым салынады:

1. Қоғамдық тәртіпті бұзатын көшедегі шерулерге қатысуға;
2. Көшеде, қалтарыстарда, гүлзарларда, жағажайларда және басқа да қоғамдық орындарда сауда жасауға, спиртті ішімдік ішуге, құмар ойындар ойнауға;
3. Көше, аула, подъезді және басқа да қоғамдық орындарды ластауға;
4. Газондар мен жасыл желектерді құртуға, мекемелер, үйлер мен подъездердің қабырғасын шимайлауға, сонымен қатар басқа да мемлекеттік және қоғамдық орындардың жертелелерінде, шатырларында, подъездерінде жиналуға;
5. Жолдың көлік жүретін жерінде коньки, шана, шаңғы тебуге, ойын ойнауға;
6. 14 жасқа жетпегендерге жол үстінде велосипедпен, ал 16 жастан кішілерге мопед, мотоциклмен жүруге рұқсат етілмейді;
7. Шомылуға тыйым салынған жерлерде – өзендерде шомылуға;
8. Темір жолдың рельстеріне бөгде заттар қоюға.